

Кітап сақтау бөлімі

Кітап сақтау бөлімі – кітапхана қорының ұзақ мерзімді немесе тұрақты сақталуын қамтамасыз ететін кітапхананың құрылымдық бөлімшесі. Қордың құрамы әмбебап, пайдаланушыларға білімнің барлық салалары бойынша басылымдар ұсынылады. Бөлімде XIX-XX ғғ. жарық көрген сирек кітаптардың шағын қоры сақталған. Өлкетану әдебиеті мұқият әрі жүйелі түрде жинақталады. Сонымен қатар жергілікті жазушылар мен ақындардың қолтаңбалары мен арнау жазулары бар кітаптар ерекше орын алады.

Бөлімнің негізгі бағыттары:

- кітаптар, мерзімді басылымдар және басқа да құжаттарды қорға қабылдау және орналастыру;
- кітапхана материалдарының сақталуын қамтамасыз ету;
- қорды ұтымды сақтау жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқырмандар сұранысы бойынша басылымдарды іздеу және іріктеу;
- құжаттарды қызмет көрсету бөлімдеріне беру;
- басылымдардың қайтарылуын бақылау;
- қорды тексеру және тозған әдебиеттерді есептен шығару;
- зақымданған құжаттарды қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Бөлімнің құрылымы:

- ✓ негізгі қор;
- ✓ мерзімді басылымдар қоры;
- ✓ сирек кітаптар қоры;
- ✓ авторефераттар мен диссертациялар қоры;
- ✓ өлкетану әдебиеті қоры.